

УДК 82

**ЕҢБЕГІ ЕЛЕНБЕЙ, ЕЛГЕ ТАНЫЛМАЙ ҚАЛМАЙ ҚАЛҒАН САЛ-СЕРІЛЕР**

**Сайфуддинова Г.А**  
**Қарабасова Қ.М**  
*3 курс студенттері, ҚМПИ*  
**Сейсембай Г.А**  
*аға оқытушы, ҚМПИ*

***Аннотация***

*Ұсынылып отырған мақала қазақ халқының тарихында еңбегі еленбей қалып, елге танылмай қалған сал-серілердің шығармашылығын анықтауға арналған. Олардың халық арасында ел аралап жүріп жазған шығармаларының шығу тарихы туралы зерттеулер жүргізілген. Зерттеу жұмыстары арқылы әнші ақындар шығармашылығына толықтай талдау жасалынып, олардың өлеңдеріне әдеби – теориялық талдау жасалды. Нәтижесінде әнші ақындардың шығармашылығына тән ерекшеліктер мен олардың сөз қолданыс-тары анықталды. Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын әнші ақындардың арасындағы елге танылмай қалған сал – серілер туралы да толықтай мәліметтер жинақталды.*

### Аннотация

В данной статье говорится о казахских поэтах, чьи произведения в истории были малоизвестны и не были оценены достойно. Это исследования об историях произведения, которые были написаны во время прогулки среди людей. Исследования, проведенные полный анализ произведений поэтов, литературно-теоретического анализа стихов. В результате, работа этих поэтов характерные черты и их приложения. Особое место в истории казахского народа поэтов, которые собирали информацию с остальными поэтами по всей стране.

### Abstract

In this article talked about the kazakh poets, whose works in history were малоизвестны and were not appraised deservingly. It is researches about histories work, that were written during a walk among people. Research by the singer made a full analysis of the works of poets, literary and theoretical analysis of the verses. As a result, the singer revealed differences inherent in the works of poets and their applications. A special place in the history of the Kazakh people between the singer and poets all over the country with the rest of the paralysis of the satellite data collected.

**Түйінді сөздер:** зерттеу жұмыстары, шығармалардың тарихы, заманының атақты адамдары, әншілік, жыршылық, ел аралау.

**Ключевые слова:** исследование, работы истории, известные люди того времени, пение, писатель, посещение страны.

**Key words:** research, works of history, well-known people of that time, singing, writer, visit of country.

### Кіріспе

Хандық дәуір ыдырап, жыраулық өнер жоғала бастағанда тарих сахнасына сал-серілер келді. Бұл туралы **Е.Ысмайлов:** «Сал, серілерде ақындықпен қатар әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де бар. Сал, серілер әншілік, ақындық, жыршылық, аңшы-мергендік, спорт-палуандық, сырттай әшекейлік (декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажап құбылмалы (фокус, жонглерлік) ойындар көрсеткіш – бәрі халық өнерпаздары болды» - дейді [Б.Ә.Қарымсақова «Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі» (афтореферат) 2009 жыл. 5-бет]

Сал-серілер дегенде біздің ойымызға ең алдымен Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай сияқты сал-серілер келеді. Ал, енді сал-серілер поэзиясына кішкене көңіл бөліп, назар аударатын болсақ, біз білмейтін, біз естімеген сал-серілер де бар екен. Еңбектері еленбей, елге танылмай қалған сал-серілер қатарында Бәйтен сал, Марғұлан сал, Төлебай сал, Сейтек Оразалиев, Абыл Тарақұлы, Өскенбай Қалмамбетұлы, Дәурен Құдабайұлы, Байсерке Құлышұлы, Естай Беркімбауұлы сияқты сал-серілерді атап айтуға болады.

Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. [Ә.Марғұлан «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» Алматы. 1991 ж. 17-бет].

Сал-серілік дәстүр қазақ халқы мәдениеті мен өнерінің жарқын белгісі, биік шыңы. Ақындық, сазгерлік, әншілік, орындаушылық, адамгершілік, мәрттік, жомарттық, пәктік, зор абырой, тағы басқа ең ізгі қасиеттердің бәрі осы мұрат тұтқандардың бойынан табылған. Сал мен сері деп аталатын екі тұлғаның бір-бірінен аз да болса ерекшеліктері бар.

Сал дегеніміз – аса талантты, бір өзі бір театрдың қызметін атқаратын, ерекше әрі қымбат, әсем киінген, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті мүлде бөлек, дүниесін, мал-жанын осы жолда аямайтын мәрт, жомарт жан. Оның киімдері кісі танданарлықтай басқаша үлгіде тігіледі. Сән-салтанатты басқа, ер-тұрманы да сұлу әрі сымбатты, әшекейлі. Салдар халықтың еркесі, қызығы, думаны бола білген.

**Сері** де – сал сияқты әнші, күйші, ақын, өнерпаз. Оның киім киісі сұлі да сыпайы. Осындай өнердің сыртында ол - сұлу сүйген, жүйрік баптап, құс салатын, әрі аңшы, саятшы, әрі мерген, әрі палуан, әрі шешен, әрі шебер, қысқасы, халық сөзімен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» аса биік тұлғалы азамат болған. Мысалы, атақты Сегіз сері осындай жігіт болған. Сал-серілік екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған үлкен өнер, қазына, мол байлық керек. Олардың жүрген жері той, думан, қызық, мереке болғандықтан, ел-жұрт өздерінің серкесі, еркесі, мақтанышын шапан жауып көтермелеген.

Сал – серілерді Әз Жәнібек, Абылай хандардың өзі жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен. Ақан сері, Біржан сал сияқты аты халық арасында мәңгі ұмытылмастай болып қалған ер-азаматтар көп болған.

Расындада, қазақ халқының тарихында сал – серілердің қызметтері ерекше болған. Олардың ел аралап, серілік құрып халық арасындағы қызметін ерекше атауға болады. Әнші ақындардың шығармашылығында көбінесе қазақ халқының тарихындағы ерекше тұлғаларды дәріптеу мен олардың игі іс – әрекеттерін тілге тиек ету байқалады.

**Материалдары мен әдістері:** зерттеу жүргізу кезінде белгілі ақын – жазушылардан сұхбаттар алу арқылы, ақындардың еңбектерінен мәліметтер жинақталып, оларға талдау жасалды. Сауалнама жүргізу арқылы елге танылмай қалған әнші ақындардың есімдері мен олардың кейбір шығармалары анықталды. Әнші ақындардың өлеңдерінің шығу тарихы анықталып, олардың өлеңдеріне әдеби – теориялық талдау жасалды. Талдау нәтижесінде олардың өзіндік сөз қолданыстары мен өлеңдерінің негізгі тақыбыры мен идеясы да анықталды.

### **Талқылау**

Әнші ақындар шығармашылығы өте қызықты болып келеді. Олардың жазған әрбір жырлары мен ел арасында ел аралап жүріп шырқаған барлық әндері бүгінгі күнде де ұрпақтан ұрпаққа жеткен негізгі асыл мұрамыз деуге болады. Әнші ақындардың шығармашылығына зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы біз сауалнама және сұхбаттар алу арқылы әнші ақындардың арасында еңбегі еленбей, елге танылмай қалған сал – серілердің бар екендігін анықтадық.

Әнші ақындар- ақындықпен қатар композиторлықты да, әншілікті де машықтаған өнерпаздар. Әнші ақындардың шығармаларының ерекшелігі: әннің мәтінін де, әуендерін де өздері шығарады және ол әндерді өздері айтып береді, музыка аспапты өздері тартып, өздері сүйемелдейді. Бірақ бұл ерекшеліктердің бәрі бір дәрежеде бола бермейді, кейбір әнші ақындардың ақындығы басым болса, екінші біреулерінің композиторлығы немесе орындаушылық қабілеті асып жатады. Әнші ақындар тек ән шығарумен ғана тынбаған, кейбіреулері айтысқа да түскен, енді біреулері ойын-тойларда өлең-жыр айтқан. Әнші ақындар жанына бір топ өнерпаздарды ертіп, топтанып жүретін болған. Тұрақты театры жоқ кезде, көшпелі халық театрының ролін атқарған. Әнші ақындарға халық «сал», «сері» деген атақ беріп, құрмет көрсеткен. Қазір әнші ақындардың шығармашылығы тұрақтанып, дәстүрге айналды, идея-мазмұны жағынан қалын бұқара мүддесін көксеп, халықтық сипат алады, ал көркем түр стильдік жағынан дамып, толысып жетіле береді. Кейбір әнші ақындар (Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал) жазба әдебиет саласында белгілі орын алады. Балуан Шолақ, Жарылғапберді, Құлтума, Әсет, Сәтмағамбет, Иманжүсіп, Естай, Шашубай, т.б. бірнеше әнші ақындардың аты халыққа әйгілі.

Негізінен, Жайық бойында атақты серілерден XIX ғасырда екі Мұхит болған. Біреуі халық аузында аңызға айналған дарынды ойшы, атақты композитор **Мұхит Мералиев**(1806 жылы туған). Ол қасына ойыншы, саятшы, палуан, зергер, жыршы, күйшілерді ертіп жүретін атақты сері үнемі сұлу ат мініп, сәнді киініп жүретін болған. Мұхит әндері жеке жинақ болып басылып, оның шығармашылығы туралы зерттеулер де жазылған. Оның халық арасына кең тараған «Айнамақ», «Үлкен Айдай», «Кіші Айдай», «Зәуреш», «Паңкөйлек», «Дүние», «Ақ Иіс» әндері – қазақ музыка мәдениетінің алтын қорындағы арналы үлгілер қатарына жатады. **Мұхит Мералиевтың әндерінің шығу тарихы да әртүрлі болып келеді. Мыса-**

лы, «Ақ Иіс» әнінің тарихы туралы Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» еңбегінде былай дейді: «...Мұхтардың Қырмызы деген бәйбішесі болады. Елден таңдап алған сұлу, ауыл-аймаққа қадірлі келіншектің алдыңғы қатарында болға деседі. Көрген адамның бәрі де Қырмызының келбетіне, адамшылығына ырза болады екен.. Бірақ Мұхтардың «бақытына, байлығына басы айналған бәйбіше бері келе өзінің бұрынғы кеңпейілдігінен айырылып, ашулы, өктемдікке көшеді. Оның себебі де жоқ емес-ті. **Мұхтар Қырмызының үстіне екінші әйел алады.** Әрине, күннен-күнге Мұхтардың назары жас әйеліне қарай ауа береді. Бұл бәйбішенің мазасын алады. Міне, осы кезде жоқтықтан қоңсы қонып отырған Мұхиттың үйішіне бәйбіше теріс көзімен қарап, аздаған азық жәрдемін тыйып тастайды. Қайта жас та болса, екінші әйелі - Иіс шамасы келгенінше әншінің қадірін біліп, қол ұшын беріп тұрады. Ежелден қуақылық сөзсіз отырмайтын Мұхит осы арада тағы да бір «**жағымсыз**» сөз айтады. Ол сөз жай қарапайым әңгіме емес, әнмен байланысты болды. Байдың да, әсіресе бәйбішенің қытығына тию үшін Иісті көтеріп, Бәйбішені төмендетіп ән шығарады:

*«Жылқыда ерте тұрсам күрең тай жоқ,*

*Ноғайда бұрынғыдай енді шай жоқ.*

*Ақ Иіс келгеннен соң арта берді,*

*Ойласам Қырмызыға енді бай жоқ.»* - деген сөздермен байды мысқылдап күледі.

Ал, «**Айнамкөз**» әнінің шығу тарихы Мұхит Қобда бойын аралап жүргенде біреудің үйіне түсіп, ән салып, ауыл адамдары жиналып, кеш бойы сауықтайды. Ертеңінде сол үйдің бойжеткен қызы Құралайдың шай құйып отырғандағы сыпайылығы, мінезі, ажары Мұхитқа қатты ұнап, сол арада бір ән шығарады. Әншіге қыздың көзі ұнайды. Сондықтан ол: «**Шырағым, мына бір әнді саған арнадым, нағыз айнамкөз екенсің, әннің аты « Айнамкөз болсын»** - дейді [Ә.Марғұлан «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» Алматы. 1991 ж. 34-бет].

Екіншісі **Мұхит Қаратаев** (1843- 1916 жж.) белгілі сері, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші болған. Ол қазақ музыкасындағы күйлерді аса сұлу тартатын ұлы шебердің бірі, аты аңызға айналған, тарихи заманның асқан күйшісі. Бұл Мұхиттың әнін, күйлерін таратушылар ел арасында орасан көп болған екен. Сондықтан А.В.Затаевичтің бақылауынша, ол өзінің көп шығармалары мен бүтіндей бір мектеп ашқан кісі дейді. Мұхит сері жас күнінде әйелдердің еркелеткен аяулы адамы, сұлулықтың жарқын бейнесі бола білген. Қартайғанда ол шалқыған ашық жүзді, қуанышты сүйетін сұлу қарт болған. [А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» Алматы. 2001 ж. 236-бет].

Расында да, Мұхит Қаратаев туралы қазіргі таңда зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Оның өзі жазған күйлері мен әндері жинақталып, оларды жинақ етіп шығару жұмыстары да қазіргі таңда қолға алынған мәселердің бірі болып табылады.

Баянаула салдарынан ескі дәстүр бойынша жас кезін қызық түрде өткізген **Марғұлан сал.** Ол кейбір киімін түйенің құрғақ құмалағын алтын суына бояп соны ішкі, камзол етіп киетін болған екен. Оның көп барған жері қаракесек шаншар елі болған екен. Жақсы қызды да осы арадан тауып, соған үйленген. Марғұланның бәйбішесі Айман Тәттімбеттің туысқандарының қызы, жарқын сыпайы ашық жүзді болған. Марғұланның шығарған күйлерінің бірі «Бұхар-екем». Бұл күйді Бұхар Жырауға арнап домбырамен тартатын күйі болған. Сондай – ақ, «Ала ту» күйі. Бұл күй бабасы Олжабай ерді еске түсіріп, сол кісінің туына арнап шығарған. Бұларды немересі жас домбырашы Маусым тартып отыратын болған. Марғұлан салдың күйлері қазіргі күнде де көп орындалып жүрген күйлер қатарына жатады.

Қой құмалағынан шапан жасатқан салдың бірі атақты **Төлебай сал.** Бұл айтылатын киім де тек жұртқа ерекше көріну үшін қолданған салдар істеген әдістер. Махаббат пен ойын-сауық жолына түскен салдар, сал болу үшін дүниесін аямаған, бар малын әдемі киімге, тұлпар атқа, сәулетті ер тоқымға, қыз-келіншекке тартуға арнаған. Төлебай салдың көптеген шығармалары бүгінгі күнге дейін жетпеген, анықталмаған.

Жайық бойындағы халыққа мәлім серінің бірі **Сейтек Оразалиев** (1861-1933 жж.). Ол Бөкей Ордасында Сірәжін ауылында туып өскен. Орта бойлы, қоңыр өңді, шашы көмірдей қара, көзі оттай жанған қаракөз кең маңдайлы кісі болған. Оның күйлерін бергі кезге дейін

ойнап жеткізген оның досы Науша Бөкейханов. Сейтек күйді бір ғана хан базарына барып жүріп үйренген. Көбінесе Астрахань түбіндегі түркімен күйшілерінен тындап жүріп үйренген. Революциядан кейін шығарған «Еркіндік» күйінде халықтың еркіндік алғанына қатты қуанады. Атақты күйші Сейтек 1923 жылы Мәскеудің ауыл шарушылық көрмесінде болып, қазақ қоймасында әр алуан күйлер тартқан [А.Жұбанов «Ғасырлар пернесі» Алматы. 2002 жыл. 181-бет].

Халық арасында Сейтек Оразалиевтың туған жылы туралы да әртүрлі жаңсақ пікірлер кездеседі екен. Зерттеу жұмысы барысында сұхбаттар мен сауалнамалар нәтижесінде сондай жаңсақ пікірлердің етек алып отырғандығына көзіміз жетті.

Маңғыстауда да талай атақты күйшілер болған, солардың ішінен жеке, ең ардақты күйші **Өскенбай Қалмамбетұлы** (1860-1925 жж.). Ол Жетібай қыстағында дүниеге келген. Әкесі Қалмамбет өнерімен жұрттан асқан аса қадірлі кісі болған. Өскенбай соның жұрт сүйген баласы. Өскенбай – құсбегі, мерген, ат сейіс, зергер болған кісі. Күйді Дәулеталы деген қарт күйшіден тындап, үйренуге соған барып жүреді. Шығарған күйлері Ақан серінің «Құлагері» сияқты аяулы атына арналған күйі «Жирен жорға», «Ақ желең» атақты күй. Өскенбай салдың бұл күйлерін қазіргі таңда да орындаушылар баршылық.

Сонымен қатар, **Дәурен Құдабайұлы** айтулы сал болған кісі. Салдық құрып жүріп, жас күнінде шапырашты елінің сұлу қызына бәйек болып, оны алады. Бірақ, қызға үйленгеннен кейін ол қыз дүниеден ерте кетеді. Сөйтіп алған келіншегі қайтыс болса да, жас жігіт Дәурен сал одан кейін әйел алмауды өзіне ант етіп қояды. Бұл махаббат жолын қуған салдардың бір өзгеше қасиеті еді. Дәурен сал Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің ұзындығы сонша, оның бір ұшы судың арғы қабағында шұбатылып жататын болған екен. Көптеген күйлерін өзінің марқұм болған жарына арнап шығарады.

Ұлы жүзден шыққан белгілі салдың бірі **Байсерке Құлышұлы** (1841-1906 жж.). Әкесі Құлыш етікші болған. Баласы Байсерке шымыр мықты болып, жеті жасынан домбыра тартып үйренеді. Кейін үлкейіп, салдық өмірге ауысқанда көптеген күйлер шығарады. Соның бірі «Ат ойыны» – атты алдына қойып күй тартуы, оны биге үйретуі туралы. «Жетпіс бұтақ» Алатаудың жемістері туралы күй. 1890 жылы Жетісуда үлкен жұт болып ел қатты күйзеледі. Сол кезде халыққа қиыншылықты ұмыттырып, өзінің күйлерімен халықтың көңілін көтеріп жүретін болған.

Баянауыл әншілерімен қатар шыққан аяулы серінің бірі **Естай Беркімбайұлы** (1874-1940 жж.). Шідерті өзенінің аяқ кезінде ескі Ақкөл болысында туып өскен. Түсі қызыл шырайлы, көзі шегірлеу келген үлкен, отырысы, жүрісі серілердің әдетіндей сыпайы, байсалды, өзі саңлақ кісі. Ән айтқанда өте салтанатты бейнемен, саспай толқынды шалықтаумен келтіретін. Ән айтудың алдында өзіне біраз рух беріп, шарықтай бастайды. Жан күйі толық кемеліне келгенде әдемі дауыспен шалқыта бастайды. Естай өзінің әншілік өнерін бір ғана Жарылғапбердінің қоңырлатып көтеруінен алған. Жарылғапбердіні ол шын мағынасында «әннің ардагері» деп түсінген, оның әніне аса қызыққан. Тамылжытып әдемі қоңыр үнмен шалқыта романтика түрінде айтуы Ақан серіге де өте ұқсас. [Ә.Марғұлан «Қазақтың салсерілік дәстүрі» Алматы. 1991 ж. 73-бет].

Естай сал туралы мәліметтердің көбісінде оның Ақан серіге еліктегені туралы көптеген мәліметтер жазылған.

«Сал» сөзі киімді салпаңдатып кең тігуден шыққан. «Сал», «салпаң». Әрбір салдың шалбарының балағы сондай кең, оған бір кісі толығынан сиып кетеді. Ақселеудің «сал» сөзі «Сал ауруынан алынды» деуі келіңкіремейді. Халықтың әдеті бойынша, өнер иесіне ондай ат қоймайды. Қайта сол «сал аурудың» өзі осы «сал» сөзінен шыққан болу керек. «Атым сал бөксе болып жүр» десе, салды басқан кең киім сияқты атты да ауырлатып жүр дегенді білдіреді. Демек, бұл сөздің өзі салдың киімінен шыққан. Құлағы үлкен кісі мен құлағы үлкен малды да «салпаң құлақ» дейді, о да үлкендікті, кеңдікті көрсетеді. Ілгеріде мысалмен келтірілмек «Серілік», «салдықтан» бүтіндей басқа, ал екеуінің қосылатын жері, екеуі де ақын,

күйші, әнші, екеуіне де ортақ болатын музыка аспаптары. «Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, шалку, асқақтау дегендерді білдіреді» [6, 175]

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, сал-серілер шығармашылығын зерттей келе көптеген мәліметтер жинай алдық. Кезінде өз елінде қадірлі болған, бірақ қазіргі таңда есімдері ұмытылып бара жатқан сал-серілер туралы мәліметтер жинақталды. Олар тек ән шығарумен ғана тынбаған, кейбіреулері айтысқа да түскен, енді біреулері ойын-тойларда өлең-жыр айтқан. Тұрақты театры жоқ кезде, көшпелі халық театрының ролін атқарған. Әнші ақындарға халық «сал», «сері» деген атақ беріп, құрмет көрсеткен.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрге сай өнердің даму сатысында хас таланттардың өзіндік дүниетанымы, эстетикалық талғампаздығы, табиғи жаратылысындағы ерекше дарындылығы өнердің бірнеше түрін меңгеруде. Олардың әрқайсысы халықтың рухани тұрмысында өнерді насихаттап қана қойған жоқ, әлеуметтік тұрғыда ой қозғап, қоғамдық проблемалар көтерді. Ұлт бірлігін, жерін сақтау, өнерді қастерлеу – ғасырдан ғасырға жеткен сал-серілер өнернамасының негізі болмақ.

Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында сал-серілік дәстүрі былайша сипатталады: «Сал – серілік дәстүрі бірте-бірте ұмтылып халық жадында тек Ақан сері, Сегіз сері, Біржан сал секілді өнерпаздарға ғана байланысты сақталып отыр. Сал және серінің айырмашылықтарын тап басып, ажырату үшін де этнографиялық айғақтарды ашып көрсеткен орынды... Серілер таза, әдемі киіну, кербез паңдық мінездерімен өз ортасынан оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, сақылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық саясатшылықпен айналысып жүрген. Сал-серілердің топтасып жүріп, ауыл-ауылды аралаған сәтте тұтас ансамбльді елестетеді... Серілер бірдей ат мінуі, бірдей киім киюі, салдардың елден ерек, алабажақ киімі, басындағы үкісі де көшпелі дала артистеріндей әсер қалдырған. Салдардың ауыл сыртына келіп құлауы, қыздардың көтеріп кетуінің белгілі дәрежеде эстетикалық мәні болды, халықтық драма өнеріндегі ойын-сауықтың қызметін атқарған...» [8, 451].

Сал-серілік дәстүр әр алуан өнер өз ортасынан оқшау тұратын өнер адамдарының ел мен жерге деген кіршіксіз сүйіспеншілігінен, ұлттық болмыс-бітімінен, мейлінше сөздік қоры бай қазақ тілінің көркемдігінен бастау алып, «сал» мен «сері» типтерінің пайда болуына негіз болса керек. Адам мен қоғам арасындағы тарихи сабақтастық өткен дәуірден сыр шертеді, адам баласының сана-сезімінің жаңаруына ықпал етеді. Сал-серілерге тән ұлттық сипат уақыт пен кеңістік аясында әр қилы дамып, қоғамның ілгері дамуында дара тұлғалардың ұлттық болмысын жан-жақты көрсетіп, ұлт өкілі ретінде халық арасында болатынын айғақтайды.

Қазір әнші ақындардың шығармашылығын зерттеу тұрақтанып, дәстүрге айналды, идея-мазмұны жағынан қалың бұқара мүддесін көксеріп, халықтық сипат алады, ал көркем түрі мен стильдік жағынан дамып, толысып жетіле береді. Әнші ақындар шығармашылығына талдау жасау арқылы олардың сөз қолданыстары анықталды. Негізінен, барлық әнші – ақындардың шығармаларында құс аттарының көптеп кездесетіндігі анықталды. Оның ішінде аққу, лашын, бүркіт сияқты құстардың аттары ерекше аталғандығын байқауға болады.

### **Әдебиет тізімі:**

Ә.Марғұлан «Қазақтың сал-серілік дәстүрі» Алматы. 186 бет.

Ә.Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихы» Алматы. «Санат». 1994 ж. 310 бет.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» 5-том. Алматы. 2006 жыл. 546 бет.

А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» Алматы. 2001 ж. 439 бет.

Б.Ә.Қарымсақова «Қазақ әдебиетіндегі әнші-ақындар мен күйшілер бейнесі» (афтореферат)

Алматы. 2009 жыл.

Марғұлан Ә. «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер.Қазақтың сал, серілік дәстүрі».

//Жұлдыз, 1983жыл. №9

А.Жұбанов «Ғасырлар пернесі» Алматы. 2002 жыл. 325 бет.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна», 2005, 576 б.